# Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ 25 ЖЫЛ

e-mail: a.yassaui@mail.ru

№14 (422) 15 ҚАЗАН 2016 ЖЫЛ



**Морально-психологический климат в коллективе**

Деловая оценка персонала - это целенаправленный процесс установления соответствия качественных характеристик персонала. **4-бетте**





**Сіз өз мамандығыңыз бойынша жұмыс істеуге дайынсыз ба?**

Ауылға барудан бас тартқан маман өзінің білім алуы үшін қазынадан бөлінген қаржыны мемлекетке қайтаруы тиіс. **3-бетте**





**Асық аңызға айналып бара ма?**

Жаңа ұрпақ, жаңа заман балалары асықтың түрін ажырату түрмақ, қалай ойнауды да білмейді. **4-бетте**




## ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:

### ГЕНЕТИКАНЫ БАҒЫНДЫРҒАН ҒАЛЫМ

Қазіргі студенттердің көпшілігі ондай емес. Берілген сабақтың өзін шала- шұрпы интернеттен бір оқи салып, дәріске келіп отырады. Осыған көңілім толмайды. Кейде жанашыр әкесіндей ұрысып та аламын. Білсін, үйренсін деген мақсатпен қатаң талап қоямын. 2-бетте

### УНИВЕРСИТЕТТІҢ АСХАНА ҚЫЗМЕТІ: ШЕШІМІ ТАБЫЛМАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР БАР...

Біз асхана мен буфеттерге рейд жүргізу барысында кемшілік іздеп, біреудің соңынан шам алып түсуді мақсат етпедік, тек шәкіртақыға ғана қарап отырған студенттердің мүддесін ойлаған болатынбыз. Алдағы кезде университеттің қайсыбір қызметкері болмасын, студент үшін жұмыс істеп жүргенін ешқашан ұмытпаса екен деген ақжолтай тілегіміз де бар. 3-бетте

### ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Жоғары оқу орындары студенттерінің арасында өткен «Брейн ринг» интелектуалдық сайысында «Құқықтану» мамандығының студенттерінен құралған команда бас жүлдені олжалап қайтты. 2-бетте

### КӨЛІК ЖЫЛДАМДЫҒЫН АЗАЙТПАСА БОЛМАЙДЫ

Кешқұрым да бұл маңнан сақтанбай өту мүмкін емес. Әсіресе, дүкенге кіріп-шығатын жатақхана тұрғындарына тіпті қиын. Біздің ұсынысымыз: Қазыбек би көшесінің бойындағы №4 оқу ғимаратының алдындағы жаяу жүргінші жолағының екі жағына көлік жылдамдығын азайтатын кедергі орнатылса екен. 2-бетте

## БҰЛ БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ ҒАНА:

Оқу орнымызда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Үш тұғырлы тіл» саясатын қолдау, әрі шетел тілдерін жетік меңгерген білімді кадрларды дайындау мақсатында Түркия Республикасы тарапынан бөлінген білім гранттарының иегерлері университеттің 1 жылдық «Тіл білімін жетілдіру курсында» (Foundation) дәріс алуы қарастырылған. Білімгерлер қазақ, ағылшын, түрік тілдерін терең меңгеріп алған соң арнайы сынақ тапсыру арқылы өз мамандықтары бойынша білімдерін әрі қарай жалғастыра алады.



## СЕМИНАР ӨТТІ

**Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Жаратылыстану ғылымдарының өзекті мәселелері» атты ғылыми семинар өтті.**

Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Ғ.Баканов «Компьютерлік томографияның математикалық есептері» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада компьютерлік томографияның медицинада, дефектоскопия және микроскопияда, геофизикада, астрофизика мен жер атмосферасының физикасында, физиканың басқа облыстарында қолданылуы туралы толық мәлімет берілді. Сонымен қатар, компьютерлік томографияның математикалық есептерінің әртүрлі қойылымдары және оларды шешудің шектеулі-айырымдық әдістері көрсетілді. Баяндама семинарға қатысушылардың зор қызығушылығын тудырды. Профессорлар Б.Тұрметов пен Б.Қалымбетов тарапынан берілген сұрақтарға тұшымды жауаптар берілді.

Профессор Ғ.Баканов мұнымен қабат осы оқу жылында жасалатын баяндамалар мен өтетін семинар жоспары туралы қысқаша мәлімет берді.

**Жуырда халықаралық қатынастар департаменті мен тәрбие және мәдени істер департаменті бірлесіп шетелдік азаматтарға арналған жиналыс өткізді. ҚР Көші-қон заңының талаптарына сай ел аумағында жүріп-тұру ережелерінің сақталуы, жергілікті полиция қызметі, заң бұзушылықтың алдын-алу мәселелері талқыланды.**

## КӨШІ-ҚОН ЗАҢДАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Жиынға ұйымдастыру және тәрбие істері жөніндегі вице-президент, профессор Б.Мұхамеджанов, Халықаралық қатынастар департаментінің директоры, профессор Ә.Садықов, Виза бөлімінің басшысы С.Жамалбеков, Түркістан қаласы Көші-қон полициясының өкілі, полиция майоры Б.Туғанбеков, учаскелік полиция қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі аға иснпектор, полиция майоры А.Түймебаев қатысты. Сондай-ақ, тәрбие және мәдени істер департаментінің директоры Л.Есентаева, факультет декандары, декан орынбасарлары, шетелдік студенттер мен қызметкерлер қатысты. Маңызды жиынды халықаралық қатынастар департаментінің директоры, профессор Ә.Садықов жүргізді. Ә.Садықов ұйымдастырылып отырған шараның маңызына тоқталып: «Университетте тек білім алып қана қоймай, Қазақстанның заңдарына, салт-дәстүрлеріне құрметпен қарап, түркі халықтары арасындағы қалыптасқан достықты одан әрі нығайтуға әрқайсыңыз ат салысуларыңыз керек. Оқу ордамызда барлығы 1300-ден астам шетелдік жастар білім алуда. 67 шетелдік азаматтар қызмет атқаруда. Жиналыстың мақсаты – шетелдік студенттер мен қызметкерлерге еліміздің заңдарымен таныстыру. Ол үшін құқық саласының тиісті білікті мамандары шақырылды. Жиналыс соңында мамандарға, бізге сұрақ қойып, жауап алуларыңызға болады», - деді. Сонымен қатар 2015 жылғы 11 қыркүйекте Астана қаласында өткен түркі тілдес мемлекеттердің басқосуында Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың: «Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін түркі әлемінің ортақ оқу орнына айналдыру керек» деген ұлағатты ойы біздер үшін қуанышты хабар, ұжым үшін үлкен абырой екендігін алға тартты.

Ал, вице-президент Б.Мұхамеджанов: «Студенттердің 20%-ы шетелдік студенттер. Бұл Қазақстандағы ең үлкен көрсеткіш. ҚР Көші-қон ережесін қатаң сақтау керек. Барлық тиісті ережемен көңіл бөліп танысып, уақтылы орындасаңыздар, күрделі мәселе туындамайды. Полицияның да қызметін бағалау керек», - деп кеңесін берді.

Полиция майоры Б.Туғанбеков ҚР Көші-қон заңы бойынша мол мәлімет берді. Уақытылы тіркелуге шақырды. Полиция майоры А.Түймебаев жергілікті полиция қызметінің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен шарттары туралы, қоғамдық қауіпсіздік пен құқық бұзушылықтың алдын-алу мәселелері туралы тұщымды баяндады.

Жиналыс соңында студенттер өз сұрақтарына мамандар тарапынан нақты жауаптарын алды. Шетелдік азаматтарға виза мәселесі бойынша туындайтын барлық жағдайлар, ережелер ескертілді. Алдағы уақытта мұндай келеңсіздіктер орын алмайды деп бәтуаласты.

*(Көші-қон Заңының негізгі талаптарына байланысты материалмен газетіміздің 4-бетінен оқып танысуға болады)*

## Бұл Сіздің газет!



**Қадірлі оқытушы, студент!**

Біз Сіздер үшін университет тынысымен таныс болсын деп газет шығарып жатырмыз. Енді осы газетке сіздің де араласқаныңызды қалаймыз. Айналаңыздағы дүниеге көз салып, өзіңізді қызықтырар тақырыптар туралы, әріптестеріңіз бен достарыңыз жайлы мақалалар жазып берсеңіз деген тілегіміз бар. Тек ол жазғаныңызды жүздеген оқырманның оқитынын бір сәт те естен шығармағаныңыз жөн. Сол үшін сіз жұрт оқитын ең қызықты материал беруге ұмтылуыңыз керек. Жазғаныңыз ақ парақтың бір бетінен аспағанын қалаймыз.

# АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

## SPRINGER NATURE КОМПАНИЯСЫНЫҢ СЕМИНАР-ТРЕНИНГІ

**Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркменстан елдеріндегі Springer Nature компаниясының лицензиялық менеджері Ирина Александрова Springer Nature компаниясының дерекқоры бойынша тіркелу және қолдану алгоритмі жайында университетімізде тегін семинар-тренинг өткізді.**

Семинарға Ғылыми және инновациялық істер жөніндегі университет вице-президенті, профессор Т.Раимбердиев, оқытушы-профессорлар құрамы, Phd-докторанттар және магистранттар қатысты.Семинарды Springer компаниясының лицензиялық менеджері Ирина Александрова жүргізді. Лицензиялық менеджер Ирина Александрова семинар барысында Springer ресурстарының рейтингі жоғары журналдар мен ғылыми басылымдар бойынша оқырманға берер пайдасы мен мүмкіндіктері туралы айтып берді.

Импакт-факторлы журналдарға мақала жіберу жолдары жайында толыққанды ақпараттар беріліп, семинар барысында Springer дерекқорының сайтына тіркелу, сайтты ғылыми-зерттеу жұмысында пайдалану, журналдан керекті мәліметтерді, мақалаларды іздеу және тағы басқа да мәселелер бойынша ақпараттар берілді. Семинар-тренинг өз деңгейінде өте жақсы өтті деп ойлаймыз, өйткені залдағы қатысушылар өз ойларын айтып, сұрақтар қойып, тиісті ұсыныстарын беріп отырды.

Семинар-тренинг соңында Ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-президент Т.Раимбердиев Ирина Александроваға университет ұжымының атынан естелік сыйлықтар тапсырды.

## «STARTUP-BOLASHAK» БИЗНЕС ЖОБАЛАРЫ: ЖҮЛДЕ ҚОРЫ 30 МИЛЛИОННАН АСАДЫ

**«Болашақ» Қауымдастығы «Даму» қорымен бірлесіп ісін бастап келе жатқан кәсіпкерлерге арналған республикалық бизнес жобалар байқауының ашылғанын жариялады. Оның мақсаты жас қазақстандықтардың кәсіпкерлік бастамаларын жан-жақты қолдау болып табылады.**

Байқауға Қазақстанның әр түкпірінің жасы 18-ден 29-ға дейінгі кәсіпкерлері қатыса алады. Байқау I орын үшін –7 млн теңге, II орын үшін – 6 млн теңге және III орын үшін 5 млн теңге көлемінде берілетін «Болашақ» Қауымдастығының 3 грантын көздейді.

Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстан Республикасындағы Даму Бағдарламасы Европалық одақтың қаржылай қолдауымен «Жасыл экономика» саласындағы стартаптарды іске асыру үшін 15 млн теңге көлемінде гранттар беріледі.

Ең қызық идеялардың авторлары инвесторлардан инвестиция ала алады және оларға «Даму» қоры қолдау көрсететін болады.

Байқауға қатысуға арналған өтінімдер 23 қыркүйекке дейін (қоса алғанда) қабылданады. «Даму» Қорының барлық өңірлерде ашылған кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары құжаттарды қабылдайды. Жеңімпаздардың аттары қарашаның 26 күні өтетін Бизнес-жоспарлар марафонында белгілі болады.

«Startup «Bolashak» байқауының өтуін Республикалық телеарналардың бірінде реалити-шоу форматында көруге болады.

«Болашақ» Қауымдастығының стартап жобаларының байқауы жастардың бизнес саласындағы бастамаларын қолдау құралдарының бірі ретінде Елбасы ұсынған «100 нақты қадам» атты Ұлттық Жоспарды іске асыруға бағытталған.

## КӨЛІК ЖЫЛДАМДЫҒЫН АЗАЙТПАСА БОЛМАЙДЫ

**Кентау бағытына қарай Қазыбек би көшесінің бойында көлік қозғалысы өте көп. Әсіресе, студенттер сабаққа келіп-кететін таңғы және түскі уақытта шетел көлігін мініп алып, желмен жарысқан жүргізушілер жаяу жүргінші өтетін арнайы жолақтан тежегішті баспастан-ақ зуылдап өте шығады.**

Бұл маңнан МАИ қызметкері көрінбегендіктен, кейде жаяу жүргіншіні қағып кете жаздайтын оқиғалар да жиі тіркеліп жатады. Қазір қатты жылдамдықпен келіп, жаяу жүргіншіге тақай тоқтаған тежегіш дыбысына сабақ үстіндегілердің құлағы үйреніп қалған. Дәл бұлай жалғаса берсе, күндердің-күнінде қайғылы оқиғаның орын аламасына ешкім де кепілдік бере алмайды.

Кешқұрым да бұл маңнан сақтанбай өту мүмкін емес. Әсіресе, дүкенге кіріп-шығатын жатақхана тұрғындарына тіпті қиын. Себебі, күн бата көлік жылдамдығы екі есе ұлғаяды.

Біздің ұсынысымыз: Қазыбек би көшесінің бойындағы №4 оқу ғимаратының алдындағы жаяу жүргінші жолағының екі жағына көлік жылдамдығын азайтатын кедергі орнатылса екен.

**№4 оқу ғимаратында білім алып жатқан бір топ студенттер.**

## ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

**Шымкент қаласынында ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің бастамасымен «Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған кешенді жоспарына» сәйкес сайыс ұйымдастырылды.**

Жоғары оқу орындары студенттерінің арасында өткен «Брейн ринг» интелектуалдық сайысында «Құқықтану» мамандығының студенттерінен құралған команда бас жүлдені олжалап қайтты. Университетіміздің намысын қорғауға барған 4-курс студенті Заманбек Ахметов, 2-курс студенттері Мухамед Жанбаз, Арысбай Нұрсұлтан сәлемдесу сайысын қазақ, түрік, ағылшын тілдерінде таныстырып, алғашқы сайыстан-ақ өз басымдылықтарын көрсетті. Командаға аға оқытушы Г. Көшербаева жетекшілік етті.

**С. МҰҚАНОВ.**

# ГЕНЕТИК ҒАЛЫМ

**Медицина ғылымдарының кандидаты, доцент Совет АЖАЕВ университет құрылғалы бері қызмет етіп келеді. 1974 жылы медициналық генетика мамандығы бойынша ғылым кандидаты атағын алған тұңғыш қазақстандық ғалым. Жетпіс жасқа толған мерейтойына орай ғалымға жолығып, әңгімелескен едік.**

**Совет аға, жетпіс жасыңыз құтты болсын. Мәскеудегі медициналық генетика ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасын бітірген екенсіз. Ғылым жолына қалай келдіңіз?**

Мен Қызылорда облысы, Аралдың тумасымын. 1970 жылы Ақтөбе медицина институтын «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бітірдім. Сол кездегі институт ректоры, қазір - әйгілі академик Т.Шармановтың ұсынысымен биология кафедрасында оқытушы ретінде қалдырылдым.Шармановтың тұсында Ақтөбе медициналық институтын қазақтандыру ісі жүрді десек те болады. Жас кадрларды дайындай бастады. Тәжірибе жинап біліктілік арттыру мақсатында мамандарды Харьков, Мәскеу, Ленинград сынды қалаларға жіберіп отырды. 250 адамның ішінен іріктеп, сұрыптап 10 маманға Мәскеуге жолдама берді. Оның ішінде мен де бармын. 1971 жылы КСРО МҒА Медициналық генетика ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасына түстім. Міне осы жылдан бастап, ғылыми – педагогикалық жолым басталды. Ол кезде 1930-шы жылдардан бері тыйым салынған, медициналық генетика ғылымы қарқынды дами бастаған еді. Біз студент кезде генетика ғылымы толық зерттелмеген сала еді. Қызығушылығым артып, өз бетімше дайындалып емтихандардан мүдірмей өттім. Мұнда әлемге әйгілі ғалымдардың -Н.Тимофеев-Ресcовский,Л.Астауров, А.Прокофьева-Бельговская, А.Малиновский,Н.Бочков сияқты ұстаздардың дәрістерін тыңдадым. Генетика деген күрделі ғылымның сырларын үйрендім. Ғылыми жұмыстарды атқара жүріп, қоғамдық жұмыстармен де айналыстым. «Жас генетиктердің Бүкілодақтық мектебін» ұйымдастыруына және өткізуіне белсенді қатысқаным үшін институттын құрмет грамотасымен марапатталдым. КСРО академигі Н.Бочковтың жетекшілігімен «Адам лимфоциттері культурасында функционалдығы әртүрлі этилинимин туындыларының цитогенетикалық әрекеттерінің заңдылықтары» атты диссертациясын 1974 жылы КСРО Медицина ғылым академиясының Медициналық генетика ғылыми-зерттеу институтында қорғадым. Қазақстандағы генетика саласында тұңғыш ғылым кандидатымын.



1974-91 жылдары Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының медицина биологиясы және генетика кафедрасында ассистент, доцент және кафедра меңгерушісі қызметтерін аткардым. Кафедрада цитогенетикалық ғылыми-зерттеу лабораториясын құрып, Ақтөбе хром қосылыстары зауытының жұмысшыларын цитогенетикалық әдіспен зерттедік. Хром қосылыстары адам жасушаларының хромосомдарын ауытқуларға (аберрацияларға) ұшырататынын, яғни генетикалык әсер ететінін, дәлелдедік. Бірқатар зерттеу жұмыстарын жасадық.

1991-93 жылдары Алматыдағы Ана мен бала денсаулығын сақтау Республикалық ғылыми-зерттеу институтының медициналық генетика лабораториясында аға ғылыми қызметкері, жетекші ғылыми қызметкер және лаборатория меңгерушісі қызметтерін атқардым. Мұнда нәрестелерде хромосомалық синдромдарды диагностикалауға арналған цитогенетикалық лаборатория құрдым. 1992 жылы ҚР Жоғары Кеңесінің тапсырысы бойынша ұйымдастырылған кешенді ғылыми экспедиция құрамында Семей ядролық сынаулар полигонына шектес орналасқан Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарының елді мекендерінің тұрғындары арасында цитогенетикалық зерттеу жүргіздік. Нәтижесінде ядролық сынау факторлары және өндірістердің зиянды химиялық заттары салдарынан тұрғындарда хромосомалық аберрациялар деңгейінің едәуір өскені анық дәлелденді. Кешенді ғылыми экспедицияның қорытындылары бұл елді мекен тұрғындарына әлеуметтік жеңілдіктер беру жайлы заңдарды қабылдауға негіз болды.

**«Дарақ бір жерде көгереді» - демекші, бұл университетке келгеніңізге де 23 жыл болыпты. Жолыңызды қуған шәкірттеріңіз бар ма?**

Туған жерімнен университет ашылған хабар мені қуантпай қоймады. Жаңадан ашылған оқу орнына барайын, үлес қосайын деп 1993 жылы осында келдім

Медицина саласында қызмет атқарып жүргеніме биыл 46 жыл толды. Оның 23 жылы осы университетте өтіп келеді. Қазіргі таңда «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасында жұмыс жасаймын. Алғашқы кезден қызмет жасап келе жатқан Өтеп Мырзағалиұлы, Қайрла Бұрханұлы, Рысай Дилбарханова төртеуміз бармыз. Ол жылдары қиын кездер еді. Электр жарығы жиі сөніп қалады. Қазіргідей зәулім ғимараттар, жайлы жатақханалар жоқтың қасы. Аудиториялар салқын. Студенттер де өзіміз де сырт киімдерімізді шешпей дәріс өтетін кездер болды. Оқулық тапшы, медициналық құрал – жабдықтар, лабораториялар жоқ. Қазір университеттің материалды – техникалық базасы жоғары деңгейде деуге болады. Қай аурухана, емханасына барсаңыз да біздің түлектерімізді кездестіресіз. Бірі аурухананың бас дәрігері, бірі білікті маман тағысын тағылар. Осының бәрі де біз үшін үлкен қуаныш, зор жетістік емес пе?! Қазіргі медицина факультетінің деканы Мұрат Жүнісов, Бақытжан Жүнісов, облыстық жедел – жәрдем ауруханасының бас дәрігері Бегалиев Мади тағы басқа ғылым кандидаттарына Ақтөбе медицина институтында дәріс бергенмін. Еңбегімізді шәкірттер елеп, рахметін айтып жатады. Біз соған да масаттанып, марқайып қаламыз. Ұстаз үшін басты қағида – темірдей қатты тәртіп орнату, талап қоя білу маңызды. Сабағыңды жоғары деңгейде өткізіп, үнемі ізденісте болу керек деп ойлаймын. Медицина ең күрделі ғылым саласы. Сондықтан оған жеңіл – желпі қарауға болмайды. Жауапкершілік ауыр. Қарлығаш Садықова, Ұғылжан Татыкаева тағы сол сияқты жас мамандарға бағыт – бағдар беріп, ғылыми педагогика жолына баулыдым деп айта аламын. Оқу құралдарын бірлесіп жаздық. Ақтөбе медицина институтына алып барып, жетекші тауып беріп, қол ұшын создым. Ғылыми жетекшісі болмасам да, шәкіртім деп айта аламын.

Жас мамандардың медициналық жоғары оқу орындарын аяқтай сала оқу орнына келіп лекция оқығанын құптамаймын. Біз бұрындары иститут бітірген соң бірден сабақ беруге емес, тәжірибелі профессорлардың сабақтарына қатысуға, тәжірибе алмасуға ұмтылатынбыз. Ақыл-кеңес алатынбыз.Кафедра меңгерушісінің алдында сынақтан өтетінбіз. Біліктілігімізді тексеретінбіз. Теориялық емес, тәжірибелік сұрақтар қоятын.

Медицина факультетінде кафедра доценті, меңгерушісі қызметтерін атқардым. Елеулі ғылыми-педагогикалық жетістіктерім үшін университет Сенаты 2006 жылы Университет профессоры академиялық атағын берді.Лабороториялар, зерттеу институтын мұнда ашуға мүмкіндік болмады. Генетика саласында қазақ тілінде оқулықтар жоқтың қасы. Осыған қосқан аз ғана үлесім болсын деп, оқу – құралдарын жазу үстіндемін.

60 ғылыми мақалалардың, 8 оқу-әдістемелік құралдардын және 3 оқулықтың авторымын. Жалпы гистология, Адам эмбриологиясы және цитология» оқулықтары Республикамыздың барлық дерлік медициналық университеттерінде кең қолданысқа ие болуда. Соңғы екі оқулығым ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және Білім және Ғылым министрлігі тарапынан оқулық ретінде бекітіліп 2010 жылдан бастап, оқу процесінде пайдалануға ұсынылды. Ақтөбеден ғылыми тәжірибелік мектептен өткенбіз. Сабақтан тыс уақыттарда түрлі мәдени іс- шараларға қатысуға тырысатынбыз. Осы дәстүрді осындағы студенттерге ұғындырып, театр қойылымдарын тамашалауға шақырамын. Өнер жанашыры Райымбек Сейтметов ағамыз театрға студенттерді алып барғанда жылы қабақпен қарсы алып, қойылымның маңыздылығын жан – тәнімен түсіндіруге тырысатын.

Жоғарыда айтып кеттім ғой 46 жылдан бері студенттердің арасында жүрмін. Кейде отырып студенттерді салыстырамыз.Бізге әрине олардың жақсы болғаны керек. Бұрындары біз әдеби, шетел классиктерінің кітабын үзбей оқитынбыз. Қазіргі студенттердің көпшілігі ондай емес. Берілген сабақтың өзін шала- шұрпы интернеттен бір оқи салып, дәріске келіп отырады. Осыған көңілім толмайды. Кейде жанашыр әкесіндей ұрысып та аламын. Білсін, үйренсін деген мақсатпен қатаң талап қоямын. Бізде оқытушының атқаратын қызметтерінің бірі - сабақ айтып жатқан студентті түзету, дұрыс емес ақпарат айтып жатса оны ұғындыру жағы кейде жетіспей қалады. Студенттердің жауабына коррекция жасау керек. Медицина факультеті алғаш ашылғанда 60-70 студент бар еді. Қазір студент жағынан университет бойынша алдыңғы орындамыз.

**Совет Ажаевты медицина факультетіне сіңірген еңбегі үшін университет басшылығы Кентау, Түркістан қалаларының әкімдері Алғыс хаттармен, Мақтау қағаздармен марапаттады. 2011 жылы «ҚР денсаулық сақтау үздігі» белгісімен марапатталды. Университеттің дамуына қосқан ерекше еңбегі үшін 2013 жылы «Ұлағатты ұстаз» және 2016 жылы «Университеттің 25 жылдығы» төс белгілерімен марапатталды.**
**«Жүрген соң бауырында күнде көріп, таулардың биіктігі байқалмайды» деген сөз бар, сыртынан қарап Совет ағаны сондай қарапайым жан деп танисың. Сөйлесе, жақыннан тани келе оның биіктігін байқайсың.**

**Әңгімелескен:**
**Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**

## УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

*Студент пайымы*

# СІЗ ӨЗ МАМАНДЫҒЫҢЫЗ БОЙЫНША ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЙЫНСЫЗ БА?

**Билік басындағылардың ҰБТ-ға қатысты реформасы сізді де мезі етті-ау деймін. Иә, солай екендігі айдан анық. Десе де, 2017 жылы өз күшіне енетін, енуге міндетті дейікші, тағы бір заң ата-ананы да, баланы да әуре-сарсаңға салғалы тұр.**

Интернет арқылы көз шалған ақпараттарға сүйенсек, 2017 жылдан бастап мемлекеттік білім грантымен оқып бітірген жастар кемінде 3 жыл өз мамандығы бойынша жұмыс істеуі тиіс екен. «Жұмыс өтеулеріңіз үш жыл бойы қатаң бақылауда, университет пен министрліктің назарында болады. Жұмысты өтеу жөніндегі міндетті орындамаған жас маман өзінің оқуына байланысты бюджет қаражаты есебінен шыққан шығыстарды өтеуге міндетті» дейді ҚазМемПУ заңгері Мейірбек Ізбасар.

«2004 жылдан бері білім жүйесіне енгізілген ҰБТ жастардың жүрек түкпірінде жастайынан орын алған армандарына оң әрі теріс әсерін тигізіп келеді. Білім гранты көп бөлінген мамандықтарға, сондай-ақ балы төмен мамандықтарға оқушылар әлеуметтік жағдайына байланысты түсуге мәжбүр. Ал, әлгіндей 3 жыл өтеуі осындай студенттерге кері әсерін тигізері анық. Мәселен, «Кәсіптік білім», «Балық өңдеу» секілді мамандықтарды бітірген студенттерге еңбекті өтеу заңы тиімсіз көрінері анық» дейді 2014 жылы білім грантымен оқуға түскен Арайлым Тастемір.

Шындығында, қыз баласына лайық емес мамандықта білім алып жатқан студенттер қаншама. «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей, ойына түскен мамандықты таңдап жатқандарын құлақпен естіп, көзбен көріп жүрміз. 4 жыл бойы мемлекет қаржысын оңды-солды шашатын кейбір маман иелері үшін бұл заң тұрпайы көрінері анық. Десе де, 2017 жылдың 1 қаңтарына бастап сіз өз мамандығыңыз бойынша белгілі мерзімде жұмыс істеуге міндеттісіз. Заңның бұл талабын орындамағанның жазасы да дайын. 47-баптың 17-тармағында көзделген жұмысты өтеу жөніндегі міндетті орындамағаны үшін жас маман өзінің оқуына байланысты бюджет қаражаты есебінен шыққан шығыстарды өтеуге міндетті. Яғни, ауылға барудан бас тартқан маман өзінің білім алуы үшін қазынадан бөлінген қаржыны әр теңгетиынына дейін санап, түгендеп, мемлекетке қайтаруы тиіс. Тек жас маман қайтыс болса немесе жұмысты өтеу мерзімі ішінде I және II топтағы мүгедектігі белгіленген жағдайда еңбекпен өтеу міндетінің күші жойылады.

Ал, сіз болашақта өз мамандығыңыз бойынша жұмыс істеуге дайынсыз ба?

**Шынар ӘДІЛХАНҚЫЗЫ,**
**3-курс студенті**



*Өзекті мәселе*

# УНИВЕРСИТЕТТІҢ АСХАНА ҚЫЗМЕТІ: ШЕШІМІ ТАБЫЛМАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР БАР...

**Оқу орнымыздың тамақтандыру құрылымы ешбір білім ошағынан кем түскен емес. Мұнда қарапайым нан-бөлкеден бөлек студенттер үшін түрлі кондитерлік тағам түрлері әзірленеді. Осы асханалар жүйесінің тыныс-тіршілігімен таныспақ мақсатта тамақтандыру бөлімінің басшысы Ләззат КҮЗЕНБАЕВАМЕН сұхбаттасқан едік.**



**Алдымен тамақтандыру бөлімінде атқарылып жатқан жұмыстар жайында кеңірек айтып берсеңіз?**

Тамақтандыру бөлімінде ұзын саны 75 қызметкер жұмыс істейді. Ұжымды басшылық, бас аспаз және бірнеше қосалқы аспаздар, 3 кондитер маманы, 3 нан пісіруші, есепші, жабдықтаушы, ыдыс жуушы, кассир, қарауыл, жүргізуші тағы басқа да қызметкерлер құрайды. Университет аумағында 4 асхана, 15 буфет жұмыс істейді. Орталық асхананың наубайханасында нан, кондитер өнімдері пісіріліп, барлық буфеттер мен асханаларға таратылады. Күнделікті 2 түрлі салат, 15-18 түрлі тағам өнімдері әзірленеді. Қазір №2,3 оқу ғимараттарындағы үш буфетте ыстық тағамдар сатыла бастады. Ыстық тағамдарға 20 пайыз жеңілдіктер қарастырылған. Қысқасы, студенттер үшін барлық жағдайды жасаудамыз десек болады.

**Сіз жұмыс жасағалы екі жыл болып қалды. Асхана саласына қандай өзгерістер енгіздіңіз?**

Мен жұмысқа келгелі ыстық тағам түрлерін 20 компонентке дейін көбейттім. Күнделікті ғаламтордан тамақтың түрлерін, дайындалуын қарап ізденіп отырамын. Қазір Түркияға түрік тағамдарының қоспаларына тапсырыс беріп отырмыз. Әлі де ыстық тағамдардың түрлерін көбейтпекпіз.

**Студенттер тарапынан сол ыстық тағамдардың «Қазыбек би көшесіндегі №4 ғимаратта орналасқан буфетке неге жеткізілмейді?» деген шағымдар келіп түсіп жатады. Бұған не дейсіз?**

Шынын айту керек, бізде жалғыз автокөлік бар. Үлгере алмаймыз. Ол үшін қосымша көлік сұрау керек. Сол Қазыбек би көшесіндегі №6 жатақханадан асхана ашылды. Арнайы аспаз бар. Енді №4,5 ғимараттарда оқитын студенттер мен қызметкерлердің сол жерден тамақтануларына болады. Асханада күнделікті кем дегенде төрт-бес түрлі ыстық тағам дайындалуы керек.

**Буфеттерде тек ұн тағамдары ғана бар сияқты: кекс, коржик, самса, тост тағы басқалар. Ас мәзіріне тәтті тоқаштар, қаймақ, сүт ботқаларын, құймақ, түрлі салаттар, шырын сусындар қосуға болмай ма? Мәзірді күн сайын неге өзгертіп отырмасқа?**

Рас, мысалы кітапхана буфеті соңғы үлгіде салынғандықтан, ол жақта арнайы нан пісіретін пештер орнатылған. Аспаздар өздері дайындап, сатылымға шығара береді. Біз тек дайындауға керекті заттарды ғана бөліп отырамыз. Ал, №4 ғимаратта ондай рұқсат жоқ. Біз не береміз, соны ғана сатады. Кондитерлік өнімдердің түрлерін көбейтуді енді қолға ала бастаймыз. Жақын күндері сатылымнан оны да көріп қаларсыздар.

**Буфеттерде печенье, шоколад, контик сияқты дайын өнімдер де сатылып жатады. Сол печенье, вафли, шоколад, контиктер базар бағасына қарағанда бізде әжептәуір қымбат сияқты.**

Дайын өнімдерді біз фирмадан, кейде базардан сатып аламыз. Сондықтан ол заттарға 20 пайыз үстеме қойылатыны рас. Өйткені шығындарды жауып отыруымыз керек.

**Фирманың өзі тікелей жеткізіп берсе қайта арзанға түспей ме? Қала дүкендеріндегі бағадан сіздердікі бәрібір жоғары сияқты. Мысалы, печенье мен вафли бағасы буфетте мөр басылып ілінген прейскурантта 96 теңге деп көрсетілген. Ал сатылымда 120 теңге. Мұны қалай түсінеміз?**

Толықтай немесе ішінара фирмамен жұмыс істеу жағы қарастырылып жатыр. Айтып өткенімдей, біраз заттарды базардан да аламыз. Қымбат болуы содан.

**Көпшілікті толғандырып жүрген тағы бір сұрақ бар. Наубайханадан шығарылатын кондитерлік өнімдердің прейскурантта көрсетілген бағасы мен сатылымдағы бағасы екі түрлі. Біз жаңа ғана №1,2,3 ғимараттағы буфеттерде болдық. Коржикті 45, кей буфеттен 50 теңгеден, ал ет самсасын 70 теңгеден сатып алдық. Біраз байқап тұрдық, студенттерге де солай сатылып жатты. Ал бекітілген прейскурантта коржик 35 теңге, ет самсасы 65 теңге деп көрсетілген.**

Қазір тамақ өнімдерінің базарда көтеріліп кетуіне байланысты, бізде де баға тұрақтамауда. Буфеттер мен асханалардағы тағамдар мен кондитерлік өнімдердің бағалары 22 қыркүйекте бекітіліп, ілініп қойылды. Енді өнімдер сол баға бойынша сатылуда. Мен технологқа бекітілген бағаны әрбір буфетке таратып беруін тапсырғанмын. Тағы бір тексеріп, анықтаймын.

**Кассалық аппараттар қойылған буфеттерде «чекті сұрауды ұмытпаңыздар» деп әдемі-ақ жазып қойған екенсіздер. Бас корпустағы барлық буфеттерде сауда жасадық, бірақ ешқайсысы чек берген жоқ. Тиын санап үлгере алмай жатыр. Тек бізге ғана емес, барлық сауда жасаушыларға да чек жыртылмады. Сонда аппарат не үшін қойылған?**

Мен осы жазуды қабырғаға арнайы ілдіріп қойғанмын. Сіздер чекті сұрауларыңыз керек еді. Сатушыларға айтып шаршаған соң, осы жазуды жаздырып едім. Енді қабырғаға «чек бермесе тегін ала беріңіздер» деген жазуды ілгізсем бе деп отырмын.

**P.S.** Бірер күннен соң тағы бір көз жеткізу мақсатында буфеттерді екінші қайтара аралап шықтық. Мүмкін бекітілген бағаларды қолдарына алған соң, өзгерістер бар шығар деп ойладық. №1 ғимараттағы буфетте коржик бөз-баяғыша 45 теңгеден сатылып жатыр. Сатушыға баға бекітілген прейскурантты көрсеттік. Ашытылған сосисканы көрсетіп, «осының бағасымен шатастырып алыппыз» деп құтылды. Одан әрі №3 ғимараттағы буфетке кірсек, бізге қас қылғандай, коржикті 50 теңгеге көтеріп жіберіпті. Екі коржикті 100 теңгеге сатып алып, 100 теңгеге лайық чек беруін өтіндік. Қолының тимей тұрғанын желеу еткен буфетшіге қолымызды созған күйі қалып қойдық. Чек берілмеді. Ал, №2 ғимараттағы екі буфетте де коржик 45 теңгеден, ет самсасы 70 теңгеден. Университеттің басқа асхана-буфеттеріндегі жағдай да осылай болып шықты. Кейбірінен кондитерлік өнімдердің бағасы ілінген қағазды да көре алмадық. Таңқаларлығы, барлығы келісіп алғандай, біздің сұрағымызға жауап бермек түгілі, дікеңдеп жолатпады. Бұйрыққа бағынбайтын буфет қызметкерлерінің әдебін сөз етудің өзі артық... Сонда буфет қызметкерлері басшылықтың бұйрығын тыңдамайтын болғаны ма?

**Эльмира АРТЫҚБАЕВА.**

**РЕДАКЦИЯДАН:** Бет қатталып жатқанда тамақтандыру бөлімінің басшысы Л.Күзенбаевадан жоғарыда айтылған кемшіліктерге байланысты буфет және асхана қызметкерлерімен жиналыс өткізілгендігі, сол мәжілісте бағаны әртүрлі қойып саудадалаған сатушылар Раиса Құлбайымбетоваға, Бағила Қожабековаға, Мария Құлбайымбетоваға, Әлия Баялиеваға қатаң ескерту жасалып, түсініктеме алынғандығы, алдағы уақытта мұндай кемшіліктер қайталанған жағдайда өте қатаң шаралардың көрілетіндігі туралы шешім қабылданғандығын хабарлады. Сонымен қатар университет наубайханасы арқылы әзірленген нан бағасының 10 теңгеге арзандағаны туралы да жылы хабарын жеткізді.

Біз асхана мен буфеттерге рейд жүргізу барысында кемшілік іздеп, біреудің соңынан шам алып түсуді мақсат етпедік, тек шәкіртақыға ғана қарап отырған студенттердің мүддесін ойлаған болатынбыз. Алдағы кезде университеттің қайсыбір қызметкері болмасын, студент үшін жұмыс істеп жүргенін ешқашан ұмытпаса екен деген ақжолтай тілегіміз де бар.

## МАМАН МІНБЕРІ

### Шетелден келіп білім алып жатқан студент:

# КӨШІ-ҚОН ЗАҢЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫН НАЗАРЫНДА ҰСТА!

Мемлекеттің шекарасынан өткен әрбір шетелдіктің паспортына өткен мерзімі жөнінде белгі қойылады. Осы шекарада толтырылған көші-қон карточкасында көрсетілген күннен бастап әлгі карточканың артқы бетінде жазылғандай 5 (бес) тәуліктің ішінде, шетелдік азамат, жергілікті келген жеріндегі Көші-қон полициясында тіркеуге алынуы керек. Тіркеу мерзімі оқытушы-профессорларға, қызметкерлерге университетпен жасалған келісім-шарт мерзімі біткенге дейін, ал студент, магистрант-докторанттарға төл құжатындағы ашылған визаның уақытына дейін тіркеледі. Қазақстан Республикасымен визалық қатынастағы елдерден келетін студенттердің (ҚХР, Моңғолия, Ауғанстан, Сирия, Түркия, Болгария, Молдова, Босния және Герцоговина, Түркменстан, Косова, Албания) паспорттары Шымкент қаласында тіркелетін болғандықтан бұл елдерден келген азаматтар бізге құжатттарын тіркеуге шекарадан өткеннен кейін 3 тәуліктің ішінде берулері тиіс. Себебі бізге бұл азаматтардың паспорттарын тіркеуге даярлап, Шымкент қаласына жеткізу үшін де уақыт керек.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Сыртқы істер министрлігінің 2012 жылғы біріккен (№135 және №08-1-1-1/154) бұйрығына сәйкес құжаттарын тіркеуге берген кезде рентгеннен өткендігі жөнінде және ВИЧ-инфекциясы жоқ деген медициналық анықтама тапсырулары қажет. Бұл құжаттарсыз Көші-қон органдары сіздердің паспорттарыңызды тіркеуге алмайды. Егер шетелдік азаматтың визасының мерзімі оқу жылының ортасында бітетін болса, ол жағдайда жаңағы төл құжатттың егесі виза мерзімінің бітуіне бір апта қалған кезде Виза бөліміне келіп, визасын келесі бір жылға создырып алуы тиіс. Ол жөнінде біздің қызметкерлер тіркелген паспорттарды егесіне тапсырып жатқанда міндетті түрді ескертеді. Бұл айтылып отырған талап әсіресе, Қазақстанмен визасыз қарым-қатынастағы елдердің азаматтарына қатысты (РФ, Қырғызстан, Әзірбайжан, Өзбекстан, Тәжікстан). Қазақстанға келетін шетелдіктердің құжатттары жоғарыда айтылғандай бес күннің ішінде жергілікті көші-қон органдарында тіркелетін болса Ресей Федерациясынан келген азаматтардың құжаттары 30-күннің ішінде тіркеледі. Бұл өзгерістің күшіне енгеніне де 3 жылдың көлемі болды. Осындай уақыт болса да кейбір студенттер паспорттарын тіркеуге 30-шы күні немесе одан кейін де әкеліп жатады. Мысалы: Саха Республикасынан келген әлеуметтік ғылымдар факультетінің 1-курс студенттері Гермогенов Михаил, Ксенофонтов Иосиф шекарадан 30-шілдеде өтіп, тіркеуге паспорттарын 31-тамызда әкеліп тұр. Сол сияқты Сеитов Саид (Ставрополь аймағы) шекарадан 15-тамызда өтіп, тіркеуге 14-қыркүйекте әкелген. Осы сияқты мысалдар көп. Бұл аса жауапсыздық дер едім. Ал енді Махадинов Аслан медицина факультетінің 3-курс студенті шекарадан 16 тамызда өтеді де паспортын тіркеуге 19-қыркүйекте әкеліп тұр. Осы факультеттің студенттері Шахиев Мурат (Өзбекстан), Бадалов Тимур (Қырғызстан) тіркеу мерзімдерін өткізіп алғандықтан Көші-қон полициясы тарапынан ескерту алу арқылы паспорттарын заңдастырып алды. Ал СТР-232 тобының студенті Шакулыева Мехрибан (Түркменстан) осы жылдың 3-қаңтарында каникулдан келіп, тіркелуге наурыз айында келді. Бұл қызымызды Көші-қон полициясының ұсынысымен Түркістан қалалық сотының шешімімен мамыр айында паспортын 31815 теңге айыппұл төлеп заңдастырып алды. Тағы бір ерекше жағдай: медицина факультетінің 5-курс студенті Исса Ефрах (Ауғанстан) жазғы демалыста еліне бармай Түркияға барып сол елдің азаматтығын алады. Университетте төрт жыл оқығанда біз бұл студентке Ауғанстан паспортына виза рәсімдеп берген болатынбыз. Қазақстаннан шыққанда Ауғанстан паспортымен шығады, бұл құжаттағы виза мерзімі 10-қыркүйек 2016 жылы бітетін болатын. Алайда бұл студент Қазақстанға жаңадан алған Түркия паспортымен кіреді де, шекарада Түркия паспорты тіркеледі. Енді қыркүйек айының 6-жұлдызында келіп, менің Ауғанстандық паспортындағы визамды Түркия паспортына ауыстырып беріңіздер деген өтініш айтты. Бірақ Ауғанстандық паспорттың Қазақстан шекарасынан шыққаны жөнінде мөрі бар да, қайтадан Қазақстанға кіргені жөнінде мөрі жоқ. Сондықтан Көші-қон полициясы басқа елдің азаматының визасын өзге елдің азаматына ауыстыра алмайтынын және ол паспорт шекарадан тіркеліп өтпегендіктен ұзарту мүмкін еместігін жеткізді. Біз бұл қызымызды кәдімгі Түркия Республикасының азаматы ретінде Қазақстанға визасыз келетін заңмен уақытша бір айға тіркеуге алдық. Қазіргі таңда бұл студентке визалық қолдау жұмыстары атқарылды. Сол сияқты дайындық факультетінде оқыған Ошак Каан (Түркия) деген баламыз сабаққа қатыспағандықтан оқудан шығып, еліне қайтып кеткен болатын. Кейіннен екі ай өткен соң сәуір айында Түркістанға келіп, қайтадан оқимын деп бізге паспортын тіркеуге тапсырғысы келді. Бірақ, біз университет басшыларының ұсынысымен, ол азаматтың университетке ешқандай қатысы жоқ екенін түсіндіріп, тиісті жазасын алғаннан кейін, ол еліне қайтарылды.

Бізде жиі болып тұратын жағдайлар студенттердің паспорттарының мерзімі бітуге жақындағанда олар паспортының қолданар уақытын ұзартады немесе жаңа паспорт алады. Осы кезде демалысқа кетіп бара жатқанда біздің бөлімнің қызметкерлерін ескертеді. Келесі оқу жылына жаңа құжатыма виза рәсімдеп беріңіздер деп. Біз ол өтінішті орындаймыз. Осы жылы Түркиялық студент, филология факультетінен Туткун Эбубекир осындай өтініш айтқан болатын. Біз бұл студенттің жаңа паспортына виза ашып, оны хабардар еттік. Алайда ол ашылған визаға қарамай 6-қыркүйекте Қазақстанға оқуға келіп тұр. Бұл жігітті де біз уақытша бір айға тіркедік. Енді ол Түркияға барып ашылған визасын алып келуі керек. Тағы бір қызық жағдай: филология факультетінің ФРЛ-421 тобының студенті Эмре Мехмет Синанның паспортындағы виза мерзімі 16-қыркүйекте бітеді. Ал бұл азамат тура 16-қыркүйек күні Қазақстанға келіп тұр. Бұл азаматты да алдыңғы Туткун Эбубекир сияқты уақытша бір айға тіркедік. Енді ол азаматқа визалық қолдау рәсімдеміз. Содан кейін ол Түркияға барып визасын алып келеді.

Бұл аталған фактілерде заң бұзушылық әлі орын алған жоқ, тек осы жастардың ҚР Көші-қон заңының талаптарына немқұрайды қарағандығынан біріншіден ары-бері барып келу үшін біршама қаражаттары кетеді. Екіншіден бір апта шамасында сабақтан қалады. Университет басшыларының шешімімен Түркиядан келген студенттерге Кентау қаласында пәтерде тұруға рұқсат берілген. Қалған мемлекеттерден келген жастарды Кентау қаласының Көші-қон полициясы тіркеуге рұқсат бермей қойды. Сондықтан газет оқырмандарын осы жөнінде хабардар еткім келеді.

**С. ЖАМАЛБЕКОВ,**
**виза бөлімінің басшысы**

# МОРАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ КЛИМАТ В КОЛЛЕКТИВЕ

**Если человека назначают руководителем, всегда ли он задумывается над тем, как сложатся отношения между людьми в той группе, которой он будет руководить. Понимают ли его будущие сотрудники друг друга и поймут ли нового человека - руководителя.**



Настроение каждого из нас в огромной степени зависит от поведения и отношения людей, с которыми мы общаемся. Хорошее отношение радует, плохое огорчает, тревожит, настораживает. А руководителю еще труднее, потому что по своему социальному статусу он как бы противостоит группе людей, объединенных общим "мы". И вот такое взаимодействие человеческого "я" и группового "мы" очень сложно и противоречиво, изменчиво и неустойчиво. Мы часто, говоря о коллективе, рассматриваем это взаимодействие как соотношение индивидуальности и коллективности, при этом, как правило, отдаем предпочтение коллективности. Отсюда - стремление к усреднению, уравниванию людей и нелюбовь к "выскочкам", желание поставить их "на место". Такая тенденция очень вредна для развития общества, особенно его творческого, интеллектуального потенциала. Оказывается, что чем ярче и богаче индивидуальность, выше уровень развития каждого члена коллектива, тем более дееспособным, человечным является и коллектив в целом. Поэтому так важно проникнуть в особенности взаимоотношений "я" и "мы", складывающихся в социальной группе, т.е. в коллективе, которым мы руководим или собираемся руководить. Психология может стать здесь хорошим помощником. Психологи А.А.Бодалев, В.Н.Панферов специально изучали в экспериментальных условиях, что производит наиболее сильное впечатление при знакомстве. Оказалось, первое, что бросается в глаза и запоминается человеку - это прическа, которая может менять лицо до неузнаваемости. Например, если женщина надевает парик и долго его носит, стоит ей появиться без парика - она становится неузнаваемой. Обычно экстравагантная мода, особенно среди молодежи, начинается с прически, вспомним панков, хиппи и др. Это резко выделяет их на фоне других людей. Практический совет: если Вы хотите, чтобы на Вас обратили внимание в обществе - смените прическу. И еще: всегда следите (особенно женщины) за своей прической, чтобы всегда производить хорошее впечатление.

После прически мы обращаем внимание на глаза человека, которые, как известно, зеркало души. Глаза могут быть добрыми, холодными, лучистыми, хитрыми, злыми, колючими. Они как бы настраивают другого человека на определенный лад: доверительный, настороженный, агрессивный. И, конечно же, улыбка человека нас очень привлекает, особенно, если она добрая и приветливая, а не злая и натянутая. Не зря известный американский специалист по общению Дейл Карнеги в качестве первой заповеди хорошего общения провозгласил: если хотите понравиться человеку - улыбайтесь, учитесь улыбаться, делайте специальные упражнения перед зеркалом.

В целом, выражение лица формируется мимикой, которая у одних людей очень динамичная, разнообразная, а у других бедная, от чего создается впечатление угрюмости, неприветливости, скрытности. Каждого человека отличает также определенная манера поведения, жесты, походка, движения тела. Интересно, что когда люди долго не видятся, они узнают друг друга чаще всего не по лицу, которое очень изменилось, а по отдельным жестам и манере движения.

Когда мы начинаем говорить с человеком, то в речи выделяются две стороны: сам текст (слова) - что говорит, и подтекст - как говорит, с какой интонацией. Одно и то же слово: "да", "здравствуйте" - можно произнести приветливо, уважительно, а можно - зло и сердито. Интонация является могучим выразительным средством, она всегда богаче, полнее и сложнее текста. Для людей чувствительных часто более значимо не что говорят, а как говорят. Руководители не всегда это понимают. "Ведь я никаких обидных слов не сказал", - жалуются они. А обидеть можно и без слов, не текстом, а подтекстом. Нужно следить за своими интонациями, и Вы увидите, как сразу изменится отношение к Вам людей. Внешнее впечатление составлено. Можно добавить: одежда человека тоже влияет на его восприятие, не зря существует пословица: "по одежке встречают, по делу провожают". Но в "одежду", по нашему мнению, включается все внешнее впечатление от человека. А дальше мы уже присматриваемся к личным качествам. Кто он? Что из себя представляет? Можно ли довериться этому человеку? И тут в ход, как правило, идут сложившиеся социальные стереотипы, установки и эталоны восприятия, житейские представления, сформированные у каждого человека и, конечно, уровень психологической культуры в части умения воспринимать и оценивать другого. Пример социального стереотипа: многие люди считают, что профессор рассеян, близорук и не приспособлен к повседневной жизни; студент всегда остроумен, подвижен и никогда не готов к экзамену; все англичане худощавы, надменны и хладнокровны, а французы только и думают о любви.

Внешние признаки: большой лоб - умный, квадратный подбородок - сильная воля, полные люди - добродушные, худые - сердитые и замкнутые. Встречая нового человека, мы сразу относим его к определенной категории и строим свое поведение в соответствии со сложившимся стереотипом. Психологи различают три типа установки на восприятие другого человека: позитивная, негативная и адекватная. При позитивной установке мы переоцениваем положительные качества и даем человеку большой аванс, который проявляется в неосознаваемой доверчивости. Негативная установка приводит к тому, что воспринимаются в основном отрицательные качества другого человека, что выражается в недоверчивости, подозрительности. Лучше всего, конечно, адекватная установка на то, что у каждого человека есть как положительные, так и отрицательные качества. Главное, как они сбалансированы и оцениваются самим человеком. Наличие установок рассматривается как неосознаваемая предрасположенность воспринимать и оценивать качества других людей. Эти установки лежат в основе типичных искажений представления о другом человеке. При отборе персонала наниматели имеют дело с людьми, которые стремятся реализовать свои цели, выбирая ту или иную организацию. Точно так же менеджеры стремятся реализовать свои цели, отбирая кандидата. К тому же надо иметь в виду, что люди ищут не просто какую-либо работу, а именно ту, которая их устраивает. Неправильный выбор работы может иметь невосполнимые последствия, как для работника, менеджера, так и для организации в целом. Общаясь с разными людьми, мы обращаем внимание на то, как легко мы поддаемся искушению составить суждение о людях только по их внешнему виду и как мы придумываем их характеристики на основании поверхностных сведений. Поэтому нужно отбросить такое ложное первое впечатление. Когда появляется вакансия по причине, например, изменения работы или продвижения по службе внутри организации, то исходным моментом должно быть рассмотрение самой работы. Если вы собираетесь найти подходящего человека для определенной работы, то должны получить точное представление о характере самой работы, квалификации и качества претендента, которые требуются для ее выполнения. Это наиболее важная часть для предварительной подготовки при отборе претендента, которая как раз часто и недооценивается. Сбор такой информации обычно проводится в три этапа: анализ содержания работы; подписание характера работы (должностная инструкция); требования к персоналу (требования, предъявляемые работой).

Деловая оценка персонала - это целенаправленный процесс установления соответствия качественных характеристик персонала (способностей, мотиваций и свойств) требованиям должности или рабочего места. Несмотря на то, что взаимоотношения с другими людьми должны способствовать мир и гармонию, конфликты неизбежны. Каждый здравомыслящий человек должен обладать умением эффективно улаживать споры и разногласия, чтобы ткань общественной жизни не рвалась с каждым конфликтом, а, наоборот, крепла вследствие роста умения находить и развивать общие интересы. Для разрешения конфликта важно иметь в своем распоряжении различные подходы, уметь гибко пользоваться ими, выходить за пределы привычных схем и чутко реагировать на возможности и поступать и мыслить по-новому. В то же время можно использовать конфликт как источник жизненного опыта, самовоспитания и самообучения. Конфликты могут быть превращены в прекрасный учебный материал, если в последующем найдете время на то, чтобы вспомнить, что привело к конфликту и что происходило в конфликтной ситуации. Тогда можно будет узнать больше о самом себе, о вовлеченных в конфликт людях или об окружающих обстоятельствах, способствовавших возникновению конфликта. Это знание поможет принять правильное решение в будущем и избежать конфликта.

**Г. ЕРКИБАЕВА,**
**д.п.н., профессор**

# СТУДЕНТ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

## АУДИТОРИЯ
Студенттер беті

Біздер, студенттер, сыншыл халықпыз. Айналамызға абаймен қарап, кемшін тұстарды тез байқай қоямыз. Бүгінгі саннан бастап әр факультетті аралап, қиюы қашып тұрған тұстарды сын садағына ілмекпіз. Ондағы мақсат – «сын түзелмей, мін түзелмейді» дегендей, бұл олқылықтарды тиісті орындардың құлағына жеткізіп, оқу ор-нымызды кез-келген білім мекемесімен таласа алатындай бәсекеге қабілетті сапа биігіне жеткізу.

Алғашқы сапар №4 оқу ғимаратынан басталды.

** Студент ой айтады:*

## ЗАМАНАУИ ДӘРІСХАНАЛАРҒА ЗӘРУМІЗ

Сіз бен біз мақтан етерлік халықаралық деңгейдегі университетіміз республика-мыз бойынша алдыңғы орындардың бірінде. Білім ордамыздың оқу ғимараттары көз қызығарлықтай сүйкімді. Алайда бөлініп бөлек орналасқан №4 оқу ғимаратындағы жағдай әзірге сын көтермей тұр. Мұндағы студенттер дәрісхана жетіспегендіктен екі ауысымда оқиды. Сабақ кестесінен санағанымыз (бәлкім аздап қателесерміз): ертеңгі уақытта 28 топ, түскі уақытта 18 топ оқиды екен. Әйтсе де осы топтардың барлығы 1 мультимедиялық, 3 компьютерлік, 2 интерактивті тақта кабинеттеріне тәуелді. Яғни, санаулы кабинет 46 топқа дәрістерді заманауи талапқа сай тыңдау үшін жетіспейді. Оқытушыларымыздың ауызынан «біз сіздерді шет ел университеттерінің оқу бағдарламасымен оқытып жатыр-мыз» деген сөздерді жиі естиміз. Әйтсе де оған жету үшін бізге заманауи қондырғыларды оңдап алу керек сияқты. Өзіміз үлгі тұтқан Оксфорд, Кембридж университеттерімен бізді салыстыруға келмес. Әйтсе де Түркияның көмегімен біршама жағдайды реттеп алуға болатын сияқты.

Сабақтан бос уақытта кабинеттерде отырып шығармашылықпен айналысқымыз-ақ келеді. Өкінішке орай, студенттерге арналған, принтер-сканерлермен, скайптармен жабдықталған компьютер сыныптары жоқ. Санаулы кабинеттер не жабық, не мұндағы компьютерлердің кейбірі жұмыс істемей тұрады, не болмаса оқытушылардан босамай-ды.

Университетіміздің оқу деңгейі жоғары, басқалармен салыстыруға тұрарлық. Деген-мен студенттерге заманауи технология қажет-ақ.

**Ануар АДЕЛЬ,**
**3-курс студенті**

** Студент реніш білдіреді:*

## ЖЫРТЫҚ ШАЛБАР «МОДА» БОЛДЫ

Қазақстанда жоғарғы оқу орындарында бірдей форма кию міндеттелмеген. Әр студент өзінің қалаған киімін кие алады. Бірақ бұл жайт көп адамдарды толғандыратын мәселеге айналып барады. Әріден орағытпай, өзіміздің оқу орнымыздағы жағдайды алып қарайық. Халықаралық оқу орны болғандықтан, шетелдерден келіп көптеген студенттер білім алуда. Оқу орны сан түрлі мемлекеттің жастарын бір шаңырақ астына жинап отыр. Енді осы суденттердің киім кию мәдениетіне зер салайық.

Сырғыған уақыт кемесіне мініп, заман көшіне ілесіп келе жатырмыз. Заман талабы солай екен деп көп жайттарды шектен шығарып, асыра сілтеп жатқандаймыз. Солардың ішінде қазіргі жастарымыздың заманға сай деп киген киімдері көңіл қуантарлық емес. Бұлай дейтін себебім, жастарымыздың киген шалбарларын көргенде, құдды бір ит талап тастағандай алба-жұлба, тізесі де жыртық, балтыры да жыртық. Әр жерінен бір ойылған шалбардың сау тамтығы қалмаған. Мұндай шалбарды не үшін киесіңдер деген сұрағыңа «мода» деп жауап береді. Киімнің де киетін өз орны бар емес пе? Түрлі елден келген студенттер де өздерінің сән киімдерін әкеліп, одан әрі шатастыруда. Біз, қазақ жастарымыз, болашақ біздің қолымызда. Сондықтан, керісінше, шетелден келген суденттерге біздің елдің мәдениетін, киім кию үлгісін үйретуіміз қажет емес пе? Ол үшін әрқайсымыз өз киім үлгімізден бастауымыз керек. Өзгеге еліктегеніміз бізге жараса қоймайды-ау. Ұлттық менталитетімізге сай сән үлгілерімен киінсек, нұр үстіне нұр болар еді.

**Венера ОЙЫЛХАНОВА**
**1-курс студенті**

** Студент қынжылады:*

## АЛҚАМ-САЛҚАМ ПАРТА БАР

Біз жаңа технологияның аса қарқынмен ілгері жылжыған заманында өмір сүріп отырмыз. Соңғы он жылда еліміздің білім ошақтары бір-бірімен бәсекелесіп, озық жүйелі технологияларға ұмтылып, тың қадамға ұмтылып жатқаны сіз бен бізге мәлім. Студенттер үшін қарапайым жағдайды жасауға асыққан білім ошақтары бар: электронды журнал, стартап жобалары, IT-технология. Десек те, кейбір жоғары оқу орындары бұл жаңашылдыққа әлі ұмтыла қоймаған сияқты. Оған біз білім алып жатқан жоғары оқу орны да куә. Мәселен, төрт қабатты «Филология» факультетінде сүйсініп қарар парта таппайсың. Алқам-салқам. Орындықтары да әңшең «мүгедек», ақсақ-тоқсақ. Кезінде бұл ғимаратты киелі шаһарда ең алғаш университет есігін айқара ашқан қара шаңырақ деуші еді, бәлкім, «көкелеріміз» жиһаздардың тарихи қалпын сол күйі сақтағысы келді ме екен деген ойда да қаласың. Бізді қойшы, көзіміз үйреніп қалды ғой, мектеп қабырғасын енді аттаған жалындаған жас буынның алған алғашқы әсері көңіл қуанта қоймасы анық. Байқап жүрміз, қаладағы колледждердің өзі соңғы технологияның көшіне ілесіп үлгерген іспетті. Барымызды бағалап, қанағат етер халықпыз ғой, әйтсе де, сырттан келген қонақтардың «оқу орындарыңыз мектеп сияқты екен» деп теріс сын таққанын әсте қаламас едік. Әрине, ақ арманын арқалай келген талапкердің үдесінен шығу әрі мықты маман етіп қалыптастыру қайсыбір білім ошағының да биік мақсаты екені даусыз. Осы орайда оқу ордамызда озық жүйеге ілесер оң өзгерістер орын алса екен дейміз.

**Арайлым ТАСТЕМІР,**
**3-курс студенті**

** Студент ұсыныс білдіреді:*

## ОТБАСЫН ҚҰРҒАН СТУДЕНТ ЖАТАҚХАНА АҢСАЙДЫ

Отау тігіп, шаңырақ құрғандар университетімізде де аракідік кездесіп жатады. Студент бола жүріп отбасын асырап бағу қиынға соғары анық. Отбасы мен оқуын қатар алып жүрген студенттер қаншалықты болашақ маман болуға дайын екен? Шындықты білу мақсатында үйленген студенттермен сырласып көрген едік.

Өзімнің тобымда 3-курска қадам басқан тұста бірі-бір отбасына күйеу, бірі ибалы келін атанғандар бар. Ер балаға қарағанда, қыз баласы үшін отбасын құру үлкен дайындықты қажет ететіні анық. Себебі ата-ененің ас-суын дайындау, жарының қас-қабағын бағу оңай шаруа емес. Уақыт өте келе бала-шаға қамы деген күйбең тіршілік басталады. Бұл қырық жанды қыздардың басты міндеттері. Осындайда жаңа отау құрған жас отбасылар үшін жатақханадан арнайы орын бөлінсе деген ақжолтай тілегіміз бар.

**Балнұр ПЕРНЕХАН,**
**3-курс студенті**

## АЙНА ЖАҒЫ ТАПШЫ БОП ТҰР

№4 оқу ғимаратының ішінен қыз-қырқынның серігі саналатын айна атаулыны іздегелі қашан... Әрине, кіре берісте айнамыз бар. Оған тек таңертең сабаққа асығып келе жатып қана қарауға мүмкіндігіміз бар. Біз жуыну бөлмелеріндегі айнаны айтып отырмыз. Мұның эстетикалық талапқа сай келмейтіні ақиқат. Ал дәретханаларда айна тіптен жоқ. Алматы мен Астанадағы кейбір оқу орындарына еріксіз әуесің кетеді. Ондағы жылтыраған айна, түрлі сусабындар мен қол кептіргіш құралдар шынында сіз бен біздің арманымыз шығар...

**Жанерке ЖАРЫЛҚАСЫН,**
**3-курс студенті**

### *Осы тұста айнаның сиқырына да тоқтала кетпесек болмас:*

Ырым-тыйымға сенгіштердің пайымынша, айнаны орнатып қоюға болатын және болмайтын орындары бар көрінеді. Мысалы, орыс халқының нанымы бойынша, айнаны ұйықтап жатқан адамға қарама-қарсы қоюға болмайды. Себебі таңертең не түн ортасында оянып кеткен адам айнадан өз бейнесін көре салып, бойындағы күш-жігерін жоғалтып, қажуға бой алдыруы мүмкін.

Шығыс елінде айнаны әсіресе, үйдің кіре берісіне орнатып, оның босағадағы жағымсыз энергияларды бейнелейтініне сенген. Еуропада көршісінің жаман ойларын, арам пиғылдарын бейнелейді деп айнаны терезенің тұсына қойған. Ал Испанияда тіл-көзден сақтау үшін, кішкентай баланың киіміне толтырып айна тіккен. Жалпы, сәбиді үш жасына дейін айнаға қаратуға болмайды деген қағида сақталған. Өйткені бала кекештеніп, тістері де дұрыс шықпай, үрейге батып, өспей қалуы мүмкін.

Нәзік жандар айнаның алдында сәнденіп, көп уақытын өткізгенді ұнатады. Ал оның ешқандай зияны жоқ па? Нью-Йорктегі институттардың бірінің ғалымдары магнитті-толқын детекторының көмегімен 15 жыл бойы айнаның адамға тигізетін әсерін зерттеген екен. Нәтижесінде айнаның алдында көп уақытын өткізіп, айнадан көзіне қарай беретіндер бойында бір әлсіздіктің пайда болғанын, есте сақтау қабілетінің нашарлауын сезіне бастайды. Тәжірибешілер айна адамның энергиясын тартып алушы екендігін дәлелдеген.

*Материал baq.kz порталынан алынды*

Бетті дайындаған: **Арайлым ТАСТЕМІР, Жанерке ЖАРЫЛҚАСЫН**
3-курс студенттері

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Yesevi Üniversitesi

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Бетті жүргізуші журналист Ғалымжан Тәжібаев

# Ankara'da ''Vefatının 850.yılında Hoca Ahmet Yesevi'yi Anmak ve Anlamak'' paneli yapıldı

***Kültür ve Turizm Bakanlığı ve Ahmet Yesevi Üniversitesi işbirliğinde Milli Kütüphane Başkanlığı Konferans Salonunda "Vefatının 850. yılında Hoca Ahmet Yesevi'yi Anmak ve Anlamak" Paneli düzenlendi.***

Panel öncesinde ressam Tülay Gürses'in hazırladığı «Pir-i Türkistan Hoca Ahmet Yesevi'den Renkler» isimli resim sergisinin açılışı yapıldı. Kültür ve Turizm Bakan Yardımcısı Hüseyin Yayman, Milli Kütüphanedeki serginin açılış töreninde yaptığı konuşmada, Türk ilim, irfan dünyasının en önemli şahsiyetlerinden olan Yesevi'nin Türk kimliğini mayalayan öncülerden, dervişlerden biri olduğunu anlattı.

Vefatının 850'nci yılında Ahmet Yesevi'yi anmaktan, onun adına sergi açmaktan gurur duyduklarını dile getiren Yayman, bağımsızlıklarının 25'inci yılındaki Türk cumhuriyetleri ile Türkiye Cumhuriyeti devleti arasındaki dostluğun yıllar boyu devam edeceğini bildirdi.

Yayman, «Türkiye ile Türk cumhuriyetlerini bir araya getiren sadece gönül dünyamızdaki sıcaklık değil, bizi bir araya getiren Ahmet Yesevi'dir, Hacı Bektaş-ı Veli'dir, Hacı Bayram Veli'dir, gönül dostlarıdır, gönül erenleridir.» diye konuştu.

Ressam Tülay Gürses ise «Pir-i Türkistan Hoca Ahmet Yesevi'den Renkler» sergisindeki eserlerinin tasavvuf dünyasının derin boyutlarından seslenen Sufilerin söylemlerinin çalışmalarına ışık tuttuğunu aktardı.

Beyitlerdeki sembolik dil ile Hak aşkının destanını yazdıklarını fark ettiğinde «Ben de bu sembolik dili renklerle tuvale aktarabilir miyim?» cesaretiyle yola çıktığını belirten Gürses, «Mesnevi'den tuvale akan renklerle başladığım yolculuğa, Yunus, Niyazi-i Mısri, Hacı Bayram-ı Veli ve Hoca Ahmet Yesevi de renklerini esirgemeyerek katıldılar. Tablolarım, onların beyitlerindeki sembolik dilin renklerin ve renklerin tonlarıyla tuvale aktarımıdır.» ifadesini kullandı.

Konuşmaların ardından Bakan Yardımcısı Yayman, Hoca Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyeti Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Milli Kütüphane Başkanı Zülfü Toman ve ressam Tülay Gürses, 14 Ekim'e kadar açık kalacak «Pir-i Türkistan Hoca Ahmet Yesevi'den Renkler» sergisinin açılışını yaptı.

Kültür ve Turizm Bakanlığı ile Ahmet Yesevi Üniversitesinin ortaklaşa düzenlediği etkinlikler kapsamından açılan serginin ardından «Vefatının 850.yılında Hoca Ahmet Yesevi'yi Anmak ve Anlamak» konulu panel düzenlendi. Oturum başkanlığını Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ın yaptığı panele Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi öğretim üyesi Prof. Dr. Zülfikar Güngör, Gazi Üniversitesi Öğretim Üyesi Yrd. Doç Dr. Mustafa Tatçı ve RTÜK uzmanı Dr. Hayati Bice konuşmacı olarak katıldı. Ahmet Yesevi'nin hayatı eserleri ve felsefesi üzerine gerçekleştirilen panel ''Asya'nın Kandilleri: Hoca Ahmet Yesevi'' isimli film gösterimi ile sona erdi.



# Mütevelli Heyet Başkanı Azerbaycan Büyükelçisi Faig Bağırov'u ziyaret etti

***Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Azerbaycan Büyükelçisi Faig Bağırov'u ziyaret etti. Büyükelçi Faig Bağırov, ziyaretten son derece mutlu olduğunu dile getirerek Türkiye ve Azerbaycan arasındaki ikili ilişkilerin her geçen gün geliştiğini söyledi.***



Prof. Dr. Musa Yıldız, üniversitemizdeki Azerbaycanlı öğrenciler hakkında bilgi verdikten sonra 06-07 Ekim 2016 tarihleri arasında Ankara'da Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından düzenlenecek olan "Bağımsızlıklarının 25. Yılında Türk Cumhuriyetleri Sempozyumu" için de Azerbaycan Büyükelçisi Faig Bağırov'u davet etti.

Görüşmenin sonunda Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Azerbaycan Büyükelçisi Faig Bağırov'a, UNESCO 2016 Hoca Ahmet Yesevî Yılı anısına, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından yayımlanan ''Dîvân-ı Hikmet'' kitabını hediye etti.

# Ahmet Yesevi üniversitesi Emekli Öğretim Üyeleri Mütevelli Heyet Başkanını ziyaret etti

**Türkiye ve Kazakistan arasında kültürel işbirliğini ve etkileşimi arttırmak amacıyla Üniversitemizde başlatılmış olan "Emeklilere Saygı Duyalım" projesi kapsamında Ahmet Yesevi Üniversitesi Emekli Öğretim Üyeleri Birliği Başkanı ve üyeleri, Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ı ziyaret etti.**

Ziyarette Emekli Öğretim Üyeleri Birliği Başkanı Prof. Dr. Balgabay Nakypov ile üyeler Prof. Dr. Abdykalyk Abdillayev, ve Prof. Dr. Kairla Bralov Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'a Dombra hediye ettiler. Prof. Dr. Musa Yıldız da ziyaretlerinden dolayı teşekkür etti ve Başkanlık yayınlarından çeşitli eserler hediye etti.



# Astana'da 8 Yeni Büyükelçi Güven Mektubunu Sundu

***Kazakistan'da yeni görevine başlayan Almanya, Avusturya, Hollanda, İsviçre, Japonya, Katar, Yunanistan ve Vatikan büyükelçileri bugün güven mektuplarını Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'e sundu.***

Akorda Sarayı'nda düzenlenen törende Cumhurbaşkanı Nazarbayev, Kazakistan'da yeni görevlerine başlayan elçileri tebrik etti ve ikili ilişkilerin gelişmesi ve ülkeler arasındaki güvenin güçlenmesine verecekleri katkılarda başarılar diledi.

Bağımsızlığın 25. Yıldönümünde Kazakistan'ın mevcut duruma gelmek için zor bir yoldan geçtiğini hatırlatan Nazarbayev, yapıcı ve barışı koruma girişimleri, dengeli ve çok yönlü dış politikasıyla Kazakistan'ın uluslararası arenada yüksek prestij kazandığını dile getirdi.

Uluslararası arenada duyulan saygınlığın neticesinde Kazakistan'ın 2017-2018 yıllarında Birleşmiş Milletler Güvenlik Konseyi daimi olmayan üyeliğine seçildiğini vurgulayan Nazarbayev, görev sırasında öncelikle Orta Asya'da ve Orta doğu'da önemli güvenlik konularını gündeme getireceklerini söyledi. Kazakistan'ın barıştan yana bir politika izlediğini ve bu anlamda 1991 yılında dünyanın en büyük nükleer deneme poligonlarından biri olan Semey Poligonu'nu kapatma kararını aldıklarını ifade eden Nazarbayev, nükleer silahlardan arındırılmış bir dünya için çalışmaları sürdürdüklerini kaydetti.

Bu anlamda uluslararası bir ödül vermeyi kararlaştırdıklarını duyuran Nazarbayev, kurulan komisyonun aldığı karar ile bu ödülün ilkini Ürdün Kralı İkinci Abdullah'a verileceğini açıkladı. Güven mektubu sunan ülkeleri ile olan siyasi ve ekonomik gelişmeler hakkında da bilgi veren Nazarbayev, elçilere görevlerinde başarılar diledi.

Astana'da görevlerine başlayan elçiler Gerhard Saylller (Avusturya), Francis Assisi Chullikatt (Vatikan), Rolf Mafael (Almanya), Alexandros Katranis (Yunanistan), Ahmed Ali bin Abdurrahman Al-Jamil (Katar), Dirk Jan Kop (Hollanda), Urs Schmid (İsviçre) ve Ichiro Kawabata (Japonya) Cumhurbaşkanı ile hatıra fotoğrafı çektirdi.



# Ahmet Yesevi Üniversitesinde «Kur'an ve İnsan» Konferansı

***Ahmet Yesevi Üniversitesi İlahiyat Fakültesi İlahiyat Bölüm Başkanı öğretim üyesi Prof. Dr. İdris Şengül tarafından 2016-2017 akademik yılı için başlatılan «Bir Konu, Bir Konuşmacı» projesi çerçevesinde gerçekleştirilen konferans programları yine Din Bilgisi Bölüm Başkanı öğretim üyesi Prof. Dr. İdris Şengül'ün «Kur'an ve İnsan» adlı konuşmasıyla başladı.***

Ahmet Yesevi Üniversitesinin Turan Restoranında gerçekleştirilen konferans programına Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış başta olmak üzere çok sayıda öğretim üyesi de katıldı.

Yaratılıştan Semavi dinlere, milletlerden dillere kadar pek çok konunun ele alındığı ve ontolojik değerlendirmelerin yapıldığı konferans programında Prof. Dr. İdris Şengül, Kur'an-ı Kerim'den ayetlerle ortaya koyduğu referanslarla insanın varlığından hayatına, ölüme ve ölüm sonrası hayata dair bilgiler de verdi.

Prof. Dr. İdris Şengül, konferansın son bölümünde katılımcılardan gelen sorulara verdiği cevaplarla ve karşılıklı gerçekleştirilen sohbetle program sona erdi.

**Kenan SEMİZ**

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

# Bağımsızlıklarının 25. Yılında Türk Cumhuriyetleri Sempozyumu Ankara'da Başladı

***Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından düzenlenen «Bağımsızlıklarının 25. Yılında Türk Cumhuriyetleri Sempozyumu» Ankara'da başladı. Sempozyuma Cumhurbaşkanlığı Sözcüsü Büyükelçi Doç. Dr. İbrahim Kalın, Cumhurbaşkanı Başdanışmanı Yalçın Topçu, Danıştay Başsavcısı Halil Yılmaz, Kültür ve Turizm Bakan Yardımcısı Doç. Dr. Hüseyin Yayman, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Türkiye İşbirliği ve Koordinasyon Ajansı (TİKA) Başkanı Dr. Serdar Çam, Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu Başkanı Prof. Dr. Derya Örs, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek, akademisyenler ve çok sayıda davetli katıldı.***

Cumhurbaşkanlığı Sözcüsü İbrahim Kalın «Bağımsızlıklarının 25. Yılında Türk Cumhuriyetleri Sempozyumu» açılışı konuşmasında 25'inci bağımsızlık yıl dönümünün ilelebet kutlanmaya devam edileceğine vurgu yaparak, «25'inci bağımsızlık yıl dönümü hepimiz için ayrı bir sevinç ve övünç kaynağı. Zira Orta Asya'nın derinliklerinden başlayıp, Balkanlara, Orta Avrupa'ya kadar uzanan o coğrafi süreklilik içerisinde bu milletin, bu ırkın mensupları tarih boyunca kültürün, medeniyetin, insanlığın ahlakın, cömertliğin, hamiyetin birer askeri olmaya çalıştılar. Birer neferi olmaya çalıştılar. Bugün de aslında bizim yeni coğrafi tasavvura ihtiyacımız var. Fiziki coğrafya ile gönül



coğrafyamızı birleştiren yeni bir coğrafya anlayışına ihtiyacımız var. Coğrafyanın fiziki şartlarının ötesinde, o coğrafyanın manevi haritasını inşa eden Ahmet Yesevilerin, Hz. Mevlanaların, Yunusların, Horasan Erenlerinin, Şeyh Edebalilerin o derin irfani mirasını bugün yeniden inşa etmemiz gerekiyor'' dedi.

«25'inci yıl dönümünü kutladığımız Türk dünyasının bağımsızlığı kıyamete kadar inşallah devam etsin diye diliyoruz» ifadelerine yer veren Cumhurbaşkanı Başdanışmanı Yalçın Topçu, konuşmasında şunları kaydetti:

«Tabii ki bu tür sempozyumlar, organizasyonlar bizlerin devletler olarak bir millet olarak kardeşler olarak dilde, işte, fikirde bir olmamıza vesile olsun biran evvel. Bu biran evvel gecikmeden olsun. Artık Tanrı Dağı'ndan inen ataların çocukları bu küreselleşen dünyada beraber ticaret yapsınlar, kültürlerini birbirine getirip götürsünler ve bir dili konuşsunlar yani Ankara'daki bir Türk, Kazakistan'da yaşayan bir Türk, konuştuğu zaman birbirini anlasın artık. Tek alfabemiz olsun. Tek fikrimiz olsun. Ben biliyorum ki Tanrı Dağı'ndan inenler Mezopotamya'nın çocukları ile Balkanların çocuklarıyla, Afrika'nın çocuklarıyla kucaklaştılar ve Hicaz'ın çocukları ile Hira'da bir ve beraber kardeş oldular. Şimdi yaşadığımız hadise Olimpos Dağı'nın çocukları ile Hira Dağı'nın çocukları arasındaki meseledir. Tanrı Dağı'nın çocukları bu kavgayı kazanacaktır. 15 Temmuz'da yapsalar kazanacaktır. Başka bir şeyde yapsalar kazanacaktır. Çünkü biz Tanrı Dağı'ndan inerken bir ilahi kaderle indik. Bu ilahi kaderi de anca yazan bozar.»

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız ise söz konusu sempozyuma ilişkin, «5 yıl önce bağımsızlıklarının 20'nci yılı sempozyumu yapmıştık. Bugün 25'inci yılı sempozyumunu yapıyoruz. Sempozyumumuzun amacı bağımsızlıklarının 25'inci yılında değerli dost ve kardeş ülke büyükelçilerinin coşkularını ve o cumhuriyetlerde yaşayan değerli kardeşlerimizin coşkularını paylaşmak ve ayrıca bu 25 yıllık süre içerisinde bir muhasebe yapabilmektir» şeklinde konuştu.

Sempozyumun açılışında Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu Başkanı Derya Örs, TİKA Başkanı Serdar Çam, Ankara Siyasal ve Ekonomik Araştırmalar Merkezi (ASEM) Başkanı Doç. Dr. Akif Kireçci, Kültür ve Turizm Bakan Yardımcısı Hüseyin Yayman ve Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek de kısa birer konuşma gerçekleştirdi.

Konuşmalar sonrasında Cumhurbaşkanlığı Sözcüsü Büyükelçi Doç. Dr. İbrahim Kalın, "Diplomatik Perspektiften Türkiye-Türkiye Cumhuriyetleri İlişkileri" başlıklı oturumun başkanlığını da yaptı. Bu oturumda, Azerbaycan Büyükelçisi Faig Bağırov, Kazakistan Büyükelçisi Canseyit Tüymebayev, Kırgızistan Büyükelçisi İbragim Junusov, Özbekistan Büyükelçisi Ulfat Kadirov ile Türkmenistan Büyükelçisi İshankuli Amanliyev, 25 yıllık bağımsızlık döneminde ülkelerinin Türkiye ile ilişkileri hakkında bilgi verdi.

Sempozyumda Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Başkanı Nurlan Nigmetulin adına katılan milletvekili ve TÜRKPA delegasyon üyesi Sauykbek Abdrakmanov, programın protokol konuşmaları sırasında söz alarak, Türkiye'nin 25 yıl önce Kazakistan'ın bağımsızlığını ilan etmesi üzerine hemen Kazak kardeşlerinin ülkesini bağımsız ülke olarak tanıdığına dikkati çekti.

Sempozyumun «Diplomatik Perspektiften Türkiye-Türk Cumhuriyetleri İlişkileri» başlıklı birinci oturumunda konuşan Azerbaycan'ın Ankara Büyükelçisi Faig Bağırov, Sovyetler Birliği'nin dağılmasıyla bağımsızlığını kazanan Azerbaycan'ı ilk tanıyan ülkenin de «dost ve kardeş» Türkiye olduğunu hatırlattı.

İkili ilişkilerde «Bir millet, iki devlet» anlayışının altını çizen Bağırov, Azerbaycan'ın uluslararası sistemle bütünleşmesi, bölgesel güvenliğin sağlanması ve sosyo-ekonomik, bilimsel ve kültürel atılımların gerçekleşmesi için Türkiye ile çok yönlü işbirliği geliştirilmesine özel önem verildiğini belirtti.

Kazakistan Büyükelçiliği Katibi Malik Otarbayev, ülkesinin bağımsızlığını kazandığı ilk günden bu yana Türkiye'nin desteğini Kazak halkının yanında hissettiklerini dile getirdi.

Türkiye'nin siyasi ve ekonomik alanda Kazakistan'a desteğini his esirgemediğini ve BM Güvenlik Konseyi'ne geçici üye seçilmesine de destek verdiğini vurgulayan Otarbayev, Türkiye'den Kazakistan'a yaklaşık 2 milyar dolar, Kazakistan'dan Türkiye'ye ise 1 milyar dolar tutarında yatırım yapıldığını ve Kazakistan'da faaliyet gösteren bin 400'den fazla Türk şirketinin ülkenin ekonomisinin gelişmesine katkıda bulunduğunu kaydetti.

Kırgızistan'ın Ankara Büyükelçisi İbragim Yunusov da Kırgızistan'ın bağımsızlığını ilk tanıyan ülkenin yine «dost ve kardeş» Türkiye olduğuna işaret etti.

TÜRKSOY, Türk Keneşi ve TÜRKPA gibi kurumların Türk Cumhuriyetleri arasında ilişkilerin kurulması ve yakınlığın sağlanmasına çok büyük katkıları olduğuna dikkati çeken Yunusov, Türkiye ile Kırgızistan arasında bilim, eğitim ve sağlık alanlarında artan dayanışma ve işbirliğinin önemini de vurguladı.

Özbekistan Büyükelçiliği Müsteşarı Şukrat Yigitaliyev, Türk ve Özbek halkı arasında yüzyıllara dayanan kardeşlik ve dostluk ilişkilerinin, Özbekistan'ın bağımsızlığını ilan etmesinin ardından da devam ettiğini, Özbekistan'ı tanıyan ve ülkenin başkenti Taşkent'te ilk büyükelçiliği açan ülkenin de Türkiye olduğunu anlattı.

Sempozyumda ayrıca Ahmet Yesevi Üniversitesi Yesevi Sanat Topluluğu da bir konser verdi.



# Ahmet Yesevi Üniversitesinden «Yesevi Türkçe» Seti

***Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığının 2015-2016 akademik yılının başında başlatmış olduğu çalışmalar çerçevesinde oluşturulmakta olan «Yesevi Türkçe» isimli Türkçe öğretim seti, Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesinde 3 Ekim 2016 tarihi itibariyle A1 düzeyinde okutulmaya başlandı.***

2016-2017 akademik yılında Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesinde okutulmaya başlanan «Yesevi Türkçe» setinin «Türkçenin Öğretimi» konulu hazırlık öğretim elemanlarına yönelik hizmet içi eğitim semineri programı da 21-27 Eylül 2016 tarihleri arasında yapıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesi Türk Dili Bölümü öğretim elemanlarına yönelik gerçekleştirilen «Türkçenin Öğretimi» konulu hizmet içi eğitim semineri programının kapanış töreninde konuşan Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, seminer hocaları Doç. Dr. Nezir Temur ile Doç. Dr. Mustafa Durmuş'a teşekkür belgeleri ve Türkistan hatırası olarak hediyeler takdim etti.

Törende konuşan Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Hazırlık Fakültesinin Ahmet Yesevi Üniversitesinin başarısındaki yeri ve önemine vurgu yaparak daha çağdaş ve daha bilimsel yöntemlerin uygulanması ile çok yakın gelecekte Ahmet Yesevi Üniversitesinin sadece Kazakistan ve Türkiye'nin değil, tüm Türk Dünyasının önde gelen üniversitelerinden biri olmasını hedeflediklerini ifade etti. Ayrıca üniversite bünyesinde Yesevi öğretilerine müdrik yeni nesillerin yetişmesi için her türlü imkânın sağlandığını da dile getiren Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, tek amaçlarının Türkiye ve Kazakistan başta olmak üzere akraba topluluklarından gelen bütün öğrencilerin akademik anlamda daha donanımlı ve daha bilinçli olarak yetişmesini sağlamak olduğunu söyledi.

Hazırlık Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Ahmet Güngör ve Türk Dili Bölümü Başkanı Dr. Ahmet Kıymaz da yabancı dil olarak Türkçe öğretiminde 25 yıl öncesine nazaran daha başarılı bir çizgiye gelindiğini; yeni hazırlanan «Yesevi Türkçe» seti ile Türkçe öğretimindeki düzeyin daha da artacağına inandıklarını söylediler.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığının çalışmalarıyla hazırlanmakta olan «Yesevi Türkçe» isimli Türkçe öğretim seti aynı zamanda Ahmet Yesevi Üniversitesi tarihi boyunca 'Avrupa Dil Portfolyosunun Dayandığı Temel Prensipler' çerçevesinde Türk Dünyası öğrencileri için özel olarak kaleme alınan profesyonel manadaki ilk Türkçe öğretim seti olma özelliğine de sahiptir.

**Kenan SEMİZ**

# Ahmet Yesevi Üniversitesinde «Mevlana ve Mevlevilik» Konferansı

***Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığının hazırlamış olduğu program çerçevesinde iki haftalığına ilmi çalışma yapmak, ders, seminer ve paneller için Türkistan'da bulunan Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi öğretim üyesi Prof. Dr. Zülfikar Güngör, bu çalışmalarının yanı sıra «Mevlana ve Mevlevilik» adlı bir de konferans verdi.***

«Bir Konu, Bir Konuşmacı» adlı proje kapsamında Turan Restoran'da gerçekleştirilen «Mevlana ve Mevlevilik» konferansına Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Yardımcısı ve Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren'in yanı sıra Türkiyeli öğretim elemanları da katıldı.

Mevlânâ Celâleddin Rûmî'nin hayatı, sanatı ve eserleri hakkında bilgiler veren Prof. Dr. Zülfikar Güngör, Mevlânâ'nın hayatını üç evreye ayırdığını bunu da 'hamdım, piştim, yandım' şeklinde tanımladığını belirtti. Bu evrelere ve bu evrelerin eserleri olan Dîvân-ı Kebir ve Mesnevi hakkında da malumatlar aktaran Prof. Dr. Zülfikar Güngör, bu eserlerin referans kaynaklarının zenginliğinden ve bu zenginlik vesilesiyle ortaya konulan çok farklı çalışmalardan da bahsetti.

Mevleviliğin çıkış noktası, tarihi, ritüelleri ve felsefesi hakkında da bilgiler veren Prof. Dr. Zülfikar Güngör, Mevlânâ'nın tasavvufunun sadece mistik ve idealist bir tasavvuf olmadığını mahdut varlıktan, ferdiyetten ve ferdi ihtiraslardan tamamen sıyrılarak halka ve topluluğa yayılmak suretiyle tecelli eden ve sosyal hayatta sınırsız bir sevgi, insanî bir görüş ve mutlak bir birliği hedeflediğini söyledi.

Konferansın son bölümünü sorulan sorulara verdiği cevaplarla tamamlayan Prof. Dr. Zülfikar Güngör'e, Ahmet Yesevi Üniversitesinde gerçekleştirdiği çalışmalar münasebetiyle Rektör Yardımcısı ve Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren tarafından teşekkür belgesi takdim edildi.

**Kenan SEMİZ**

СОҢҒЫ БЕТ

# «СТУДЕНТ» СӨЗІНІҢ МАҒЫНАСЫ НЕ?

**Студент дегеніміз кім осы? Бұл атау қайдан шыққан? Күнделікті қолданып жүргенімізбен, көптеген терминдерге аса мән бере бермейміз. Расында "факультет", "университет", "декан", "ректор" деген атаулардың мағынасы қандай?**



Ең алғашқы университеттер құрыла бастағанда оны "студия" деп атапты. Тұңғыш "студия" 1080 жылы Италияның Болонья қаласындағы құқық мектептерінің өзара бірігуінен пайда болған. Яғни, тарихтағы тұңғыш университет – Болон университеті. Ол әлі күнге дейін жұмыс істейді. Негізінен бұл университеттің басты бәсекелесі – араб әлеміндегі әл-Карауин университеті. Оның да тарихы тереңнен басталады. Бірақ араб университеттері түлектерге диплом бермейтін. Болоньяда көбінесе құқықтық пәндер – Рим құқығы оқытылды. Шындығында бұл университеттің нақты қай күні құрылғаны белгісіз. Дегенмен, көне оқу орнының римдіктер үшін маңызы зор. Мұнда сондай-ақ, қосымша пән ретінде риториканы – сөйлеу мәдениетін оқытатын "еркін өнер" мектебі болған.

Уақыт өте келе "студиялар" Феррара, Падуа, Камбрада және басқа да европалық қалаларда құрыла бастады. Француздық педагогтар Италиядағы студенттерге қызығып, Париж университетін құрады.

Бүгінде ең көп айтылатын және атақтары жер жарып тұрған университеттер – Оксфорд пен Кембридж XIII ғасырда ғана құрылды.

Тұңғыш "студияларда" 4-5 факультеттен болған. Олардың қатарына арнайы дайындық, құқық, медицина және дін факультеттері кірген. Сондай-ақ, риторика, яғни сөйлеу мәдениеті пәні де қамтылды. Алғашқы оқу орындарында 5 жылдан 15 жылға дейін оқытылды. Қазіргі заманда экономикалық-гуманитарлық саладағы студенттер қандай көп болса, ол уақытта заңгерлердің дәурені жүрген. Студенттердің дені заңгер мамандығын алуды қалайтын. Дегенмен заңгер мамандығы әлі де өз күшін жойған жоқ.

Сөйлеу мәдениетін дамыту үшін "студияларда" апта сайын пікірталастар ұйымдастырылып тұрған. Және біздегiден бір айырмашылығы ол уақытта студент болу-болмау өз еркіңізде. Егер студент болуға ынта таныттсаңыз, студент болғының келетіні жайлы өтініш жазып, мұғалім таңдайсыз. Сөйтіп, студент болып шыға келесіз. Әр ұстазға 25 шәкірттен келген. Және біздегідей дәрістер бірнеше адамға оқылатын болған. Дей тұрғанмен студенттердің 40 пайызы ғана "студияны" толық аяқтаған. Қалғандары не оқуды тастаған, не басқа себептері болған. Оқуды бітіргендер дінді жақсы білетін болса, шіркеу қызметкері және білімі жеткілікті болса, аудармашы, нотариус, дәрігер, ұстаз бола алады.

Тарихи деректерге сүйенсек, ең алғашқы студенттер "схолар" немесе "школяр" деген атауға ие болған. Олар өздері студенттік ережелерді жасап, профессорлар мен ректорларды тағайындайтын болған. Ректор болуға тек бойдақ студенттің ғана құқығы болды.

Ал қазір қолданып жүрген "студент" сөзі латын тілінде "ынтамен оқушы, ізденуші" деген мағынаны білдіреді. Университет (universitas – бірлестік, қоғамдастық), факультет (fakultus) – қабілеттілік, декан (decanus) – ондық, ректор (rector) – басқарушы деп аударылады.

Ең алғашқы "школярлар" ақсүйектердің, көпестердің, ғалымдардың, заңгерлер мен дәрігерлердің балалары болатын. Сол себепті де әрқайсысының өздерінің құлдары болған.

## Менің инстаграмдағы «шатпақтарым» жазушы болуымның алды ма екен?..

Әлемге аты танымал жазушы Рэй Брэдберидің бірталай кеңестерін оқып шықтым. Сіз таныса ңыз танитын шығарсыз. Ал, менің бұл жазушы жайлы білерім өте аз. Себебі, мен әлем классиктерін оқи бермеймін, қызықпаймын десем де болады. Қазақ жазушыларының жазғандарын оқып тауыса алмай жүргенде, әлем классикасы маған не тәйірі?!



"Егер жазушылыққа әуестеніп жүрсеңіз, жақсы көретін нәрселеріңізге он шығарма, сіз ұнатпайтын нәрселер жайында он шығарма жазыңыз" деп өсиет етіп кетіпті. Былай қарағанда миға қонымды ақыл. Ендеше, сөзден гөрі, іске көшейік.

- Әлгі инстаграм деген бөлеңді ашып берші? - десе болама кеneттен анам.

- Ойбай, ол жерден не жоғалттыңыз? - дедім.

- Алматыдағы құрбым хабарласты. "Сенің балаңның инстаграмға жазғандарын оқып шықтым да жылап алдым" деп жатыр. Не жазып жүргендеріңді мен де оқып көрейін деп едім, - деді.

Жұрт жылап оқитындай ештеме жаза қоймаған секілді едім. Сол өзім салатын суреттер жайында ғана очерктер мен өз ойларымды жазып отыратынмын. Қай жазбамды оқып жылады екен деп бір ойланып алдым да:

- Кешкісін өзім оқып берермін. Асықпаңыз! - деп жасап жүрген жұмысыма қарай ұмтыла кеттім. Кешті айтып нем бар еді десеңізші?! Шақшиған күнді батыра алмай біразға дейін әлекке түсіп жүрдім де қойдым. Ойым онға, санам мыңға бөлінді.

Жазушы үшін ең бір рахат сезім мақтау мен мадақты жұрт аузынан есту. Ал, жылы сөздер мен қолдауды әке-шешең естіп қуанса нұр үстіне нұр екен. Жазушы жігітінің көздерінде миллиондаған армандар бар. Аздап үңілсеңіз айтпай-ақ ұғынасыз. Ендеше, армандар орындалады. Сеніңіз. Күтіңіз. Мені инстаграмнан ғана емес, кітаптардан оқитын боласыздар...

**Едіге ӘЛШЕН,**
**2-курс студенті**

# Әлемдегі әрбір бесінші студент - қытай азаматы

**Қытайда 37 миллион студент тіркелген. Бұл - әлемдегі әрбір бесінші студент осы елде білім алып жатыр деген сөз.**

Бүгінде Қытайда 2852 жоғары оқу орны бар. Жастардың оқуға түсу деңгейі де жыл сайын өсіп келеді. Мәселен, 2016 жылы жастардың оқуға ілігу коэффициенті 40 пайыз болған. Бұл әлемдік орташа деңгейден біршама жоғары. Енді Қытайдың Білім министрлігі 2019 жылы осы деңгейді 50 пайызға дейін көтеруді көздеп отыр.

Білім министрлігіне қарасты Оқытушылық құрамды бағалау орталығының жетекшісі Янның сөзіне қарағанда, білім саласындағы мұндай көрсеткішке үкіметтің оқу жүйесін қарапайым отбасынан шыққан жастарға қолжетімді етіп түзуі себепкер болған.

Естеріңізге сала кетейік, 1949 жылы бұл елде небәрі 117 мың студент қана бар еді.

# Әлемдегі ерекше 3 жатақхана







**Cite A Docks** жатақханасы Францияның Гавр қаласында орналасқан. Бір-бірінің үстіне ретімен тізілген 100 жүк контейнері 100 студентке арналған. Ішінде жанға керектің бәрі бар. Ас бөлме, жатын бөлме және оқу бөлмесі. Дәретханасы да ішінде. Ең бастысы, Ла-Манш жағалауында орналасуы жатақхананың дәрежесін арттыра түскен. Терезені ашсаң, теңіздің лебі есіп тұрады.

Данияның Гентофте қаласындағы **Jaegersborg Water Tower** жатақханасы – бұрын суайдаушы мұнара болған. Онда қырықтан астам бөлме бар. Сондай-ақ, ішінде асхана, кітапхана, спорт зал орналасқан. Ең жоғарғы қабатына шықсаңыз, Гентофте қаласы алақандағыдай көрінеді.

Оңтүстік Африка республикасындағы **Mill Junction** жатақханасы бұрын астық элеваторы болған. Алдымен оның іші ондаған қабатқа бөлініп, әр қабатта бірнеше бөлме пайда болды. Содан кейін құрылысшылар элеватордың іргетасы мен қабырғасының беріктігін ескеріп, үстіне жүк контейнерлерін орналастыруды жөн деп тапты. Қазір бұл жатақханада 500-ге жуық студент тұрып жатыр.

# АСЫҚ АҢЫЗҒА АЙНАЛЫП БАРА МА?

Мен асықтың түбін түсіретінмін десем, інім күледі... Себебі, асықта түп жоқ екенін ол жақсы біледі. Ал менің айтпағым өзімнің асық ойнаудағы шеберлігім еді.



Әжем балаларына асық жинаған адам. Өзінің бес баласы жігіт жасына келгенде, тастаған асықтарын түгелімен бізге берген. Ұзақ жыл жиналған асықтарымыздың саны мол, түрі көптін. Алайда алдымызға шашылған асықтарды мынау Кеней, мынау Шүкейіт, мынау Қойлық, мынау Ешкілік, ал мынау Құлжа деп төбесінен ұрып отырып түр-түрге бөліп алатынбыз. Өзімізге қолайға сақаны таңдау оңайға түспейтін. Бірінен бірі асыл көрінетін Көктабан, Жабай, Қолқарлардың қайсысын сақалыққа аларымызды білмей дал болып, ақыры көз сүріндірген біреуін, тәл бәсіреміздей атап алушы едік.

Мұндай таңдаудан өткен сақалар, мейлі Бестабан, Қаршу, Ханату ойындары, тіпті, Шыр ойыны болсын, бәріне төтеп беретін. Ауылдағы оншақты балалар бірігін асыққа кірiскенде, жердің шаңы аспанға көтерілетін. "Асығымыз алшысынан түскен күні" бір бала елуден алпысқа тарта асық ұтып алуші едік. Сол сәттердегі мерейіміздің тасығанын мен қазір сөзбен бейнелеп бере алмаймын... Ол, бәлкім, балалық шаққа ғана тән риясыз қуаныш пен теңдессіз бақыт шығар!!!

Қазір ойласақ, дала мәдениетінің бояуы сіңген далалық балалар ойыны, оның ішінде шоқтығы биік асық ойынымен айналысқан соңғы ұрпақ біз шығармыз деген үрей пайда болады...

Бірде үйдегі жүздеген асықтарымды күн қақтырып отырсам қасыма інім келе қалды. Мен оны сынау мақсатында алты асықты алты түрлі формада (алшы, тақай, бүк, шіге, омпы, шоңқай) жерге қойып, оларды жеке-жеке атап көрсет дедім. Інім алшыдан басқасын "танымайтын" болып шықты...

Міне, қараңыз, жаңа ұрпақ, жаңа заман балалары асықтың түрін ажырату тұрмақ, тұрған формалық атауын атап беру былай тұрсын, қалай ойнауды да білмейді. Сақаны қолына берсең, қойға лақтыратын тас секілді бес саусаққа бірдей қысып ұстайды.

Ал енді сол інілерімізге заманауи құрылғы орнатылған бір телефон беріп қояйықшы, демнің аралығында дүниені аударып-төңкереді. Ондағы ойыншық кейіпкері машинамен жүрсе, бала да сонымен бірге деп ойлай беріңіз... Шофері қисайса олар жантаяды, кейіпкеріне оқ тисе, олардың басына оқ тигендей қиналады. Егер ойын барысында ұтса, олардың төбесі көкке жетуге аз қалады. Асықты мифтік сипат алатын аңыздай көретін біздің дәуір ұрпақтары телефонның түбін түсіреді десек ешкім таңғала қоймас...

**Нұрбек КЕҢЕСБАЙ,**
**3-курс студенті**

Ясауи университеті

Редактор Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Тілшілер:
Журналистика бөлімінің студенттері

Фототілші: Нақып ШЫНТЕМІРОВ
Беттеуші: Мұрат ШАХАНБАЕВ

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 4.10.2010 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №11180-Г куәлігі берілген.

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Авторлың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. «Ясауи университетінде» жарияланған мақаланы көшіріп басқанда сілтеме жасалуы тиіс. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Мекен-жайы: ҚР, ОҚО, Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі, №4 оқу ғимараты, 106-кабинет.
Байланыс телефоны: 8 /72533/ 3-21-24, ішкі 117
Эл.пошта: a.yassaui@mail.ru

Газет «M-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды.
Мекен-жайы: ҚР, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18-үй
Таралымы: 1000 дана

Тапсырыс нөмірі:

Газет 1995 жылдан бастап айына 2 рет шығады

Таралу аумағы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті